

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Светлопольск ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 4 шешімі. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Светлопольск ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Светлопольск ауылдық округі әкімінің 07.08.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 01-11 /54 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Светлопольск ауылдық округінің Байсал ауылында, Бейбітшілік көшесіне ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім ресми жарияланған кейін қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Светлопольск
ауылдық округінің әкімі М. Жақаева